

ЖИРЕНОВ С.А.,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
оқытушысы, филология
ғылымдарының кандидаты

В. ФОН. ГУМБОЛЬДТ ЖӘНЕ АНТРОПОЦЕНТРИСТІК ПАРАДИГМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қай заманда да, қандай да бір қоғамдық формация да болмасын ғылым, техника, өнер, білім – баршасы бірігіп келгенде, адам болмысын тануды мақсат етеді. Тіршіліктегі әр алуан әрекеттер мен құбылыстардың жүзеге асуы тікелей адам болмысымен немесе оның ерекше интеллектуалдық қасиеттерімен байланысты. Айналып келгенде ғылым, техника, өнер мен білім адам жасампаздығынан туса, әрі сол жасампаздық адамды, адам мүмкіндігін тану қажеттігінен туған идеялар.

Антропоцентристік парадигма өз бастауын Батыс Еуропадан В. фон. Гумбольдттың лингвофилософиялық концепцияларынан алып, кейіннен көптеген лингвистерден үлкен қолдау тауып кең қанат жайды. Бүгінгі таңда антропоцентристік парадигма өте қарқынды түрде зерттелу үстінде. Антропоцентристік парадигма негізінен «тіл-қоғам-адам», «тіл-мәдениет-өркениет», «тіл-ұлт-мәдениет» деген үштіктердің негізінде зерттеу бағыттары жүргізіліп жатыр. Жалпы «антропоцентристік», «антропоцентризм», «антропологиялық парадигма» деген терминдерді осы бағытты зерттеуші ғалымдар екі түрлі қолданады. Олардың кейбіреуі «антропоцентризм» дегенді «этнолингвистика» деген термин мен ауыстырып та, қолданатын кездері бар. Ал, кейбіреуі сол қалпында «антропоцентризм» терминін қолдану үстінде. Аталған терминнің қазақша баламасын қазақ тілді ғалымдар «антропоэзектілік» деп қолданып жүргенінеде біршама уақыт болып қалды. Алайда антропоцентристік парадигманың аясы өте үлкен ғылым саласы. Сол салаларының біреуі этнолингвистика деп аталады. Демек, бұл жерде терминнің тұрақтылығын сақтай отыра, этнолингвистиканың өзі антропоцентризмнің бір саласы болғандықтан, оның аясы антропоцентризмге қарағанда тарлау болатындықтан, антропоцентризм деп қолдану орынды. Қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында антропологиялық қағида көбінесе «антропоцентризм» терминімен жарыса қолданылып жүр. Жалпы ғылымда «центризм» терминіне қатысты ғылыми пікір қайшылықтары кездесіп отырады. Бұл мәселеге ғылыми концептуалды объективтік тұрғыдан қарай отыра «антропоцентризм» терминін шартты түрде қалдыруға болады. Тіл білімінде бұл мәселеге қатысты Ж.И.Сұлтан: «Ю.А.Сорокиннің «центризм» терминіне қатысты пікірін талқылай келе ғалымның «антропоцентризмге» қатысты айтылған уәжді дәйектемесімен келісе келе, «центризмі» бар терминнің өзі көп жағдайда тұрпайылау, объективтіліктен алшақ көрінеді (*эгоцентризм, еуроцентризм, т.б.*). Бұл